

# ШЫҒЫСТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ

**Арқалық қаласы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінің қызметкерлерінің ұйымдастыруымен күллі түркі жұртының мақтанышы, «мұғалім сәни» / екінші ұстаз/ атанған ғалым, философ - Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына арналған «Шығыстың ғұлама ғалымы» атты портреттік кеш өтті.**

Арқалық қалалық политехникалық колледжінің акт залында ұйымдастырылған кештің мақсаты: Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың энциклопедист-ғалым, философ, әдебиет зерттеуші, ақын екендігін және дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ғұламасы екендігін оқырманға жеткізу. Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың құрметіне арналған кеш оның өмірін баяндайтын бейнежазбамен басталды.

Әбу Насыр әл-Фараби - 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн

Ұзлаг ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім. Бұған дәлел оның толық аты жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеген.

Кеште студенттер домбыра тартып, ән айтты. Бірнеше студенттеріміз Әбу Насыр Әл-Фараби туралы мәліметтермен қысқаша баяндамалар жасады.

Кеш соңында Әл-Фараби кітаптарынан «Түркі әлемінің рухани жұлдызы» атты кітап көрмесі құрылып, ойшылдың шығармашылық мұрасымен кеңінен танысты. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың шығармашылық мұрасына деген үлкен қызығушылық бүкіл әлемде және Қазақстанда да толассыз артып келеді. Мыңдаған жылдар бұрынғы еңбектері бүгінгі күннің қажетіне асуда. Бабаларымыздың ұлағатына құлақ асайық! Бабалар ұлағатын жүрегімізге жеткізейік!

**Ләззат БАЯХМЕТҚЫЗЫ,  
Арқалық қаласы №2 ОӘГК  
оқу залының  
менгерушісі.**